

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«САРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

БЕКІТІЛДІ
«Сәрсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті»
КЕАҚ Директорлар кеңесінің
шешімімен
2021 жылғы «09» маусымдағы
№ 3 хаттамасы



**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ АРНАУЛЫ ЖӘНЕ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ӨТКІЗУ
ТУРАЛЫ**

ЕРЕЖЕ

ШҚУ Е 010-21

Бірінші басылым

№ копии _____
Енгізу мерзімі _____

Өскемен қ.
2021 ж.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 2 беті

Мазмұны

1	Нормативтік сілтемелер.....	3
2	Қолдану саласы.....	3
3	Жалпы ережелері.....	3
4	Арнаулы емтиханды өткізу тәртібі	8
5	Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі.....	9
6	Университетке білім беру бағдарламаларына қабылдау.....	11
7	Өзгерістер.....	12
8	Келісу, сақтау және тарату.....	12
9	Қосымша 1	15
	Қосымша 2	15
	Қосымша 3	16
	Қосымша 4	17
	Қосымша 5	18




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 3 беті

1 Қолдану саласы

1.1 «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ (ары қарай Университет) арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережелері» (ары қарай - Ережелер) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ педагогикалық және шығармашылық мамандықтары бойынша арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру мен өткізудің негізгі қағидаларын рәсімдейді және жүйелейді.

1.2 Ереже «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру мен өткізудегі шараға қатысушы тұлғалар үшін арналған.

2 Нормативтік сілтемелер

1 Осы Ережелер (әрі - Ережелер) 2018 жылдың 31 қазанынында Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің №600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын (ББ) іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жасалған.

3 Белгілер мен қысқартулар

ҚҚЖББ - құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

СХЫЖАБ - стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

СҚЖЖБӨ - сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкіл;

ІСҚЕЖ - ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі;

ҚБЖ - құрылымдық бөлімшенің жетекшісі;

ШҚУҚР - Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің құжатталған рәсімі

ПОҚ-профессорлық-оқытушылық құрам

ЖЖЖООКББҰ –жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары

4 Жалпы ережелер

4.1 Арнаулы емтихан "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламаларына түсетін адамдар үшін өткізіледі.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 4 беті

4.2 "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламаларына оқуға түсу кезіндегі арнаулы емтихан оқуға түсушілердің педагогикалық қызметке бейімділігін айқындауға бағытталған.

4.3 Шығармашылық емтихандар шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларына (бұдан әрі – шығармашылық ББ) түсуші адамдар үшін өткізіледі.

4.4 Шығармашылық емтихандар үміткерлердің қабілеттерін және шығармашылық бағыттағы мамандықты игерудің жеке алғышарттарын анықтауға бағытталған.

4.5 Арнаулы және шығармашылық емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі осы Қағидалардың 4.5.1, 4.5.2 тармақшаларына сәйкес айқындалады:

4.5.1 Арнаулы емтихандар өткізілетін Университет ББ тізбесі:

B01	Педагогика және психология
B02	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
B03	Бастауыш сынып педагогика мен әдістемесі
B09	Математика мұғалімдерін даярлау
B10	Физика мұғалімдерін даярлау
B11	Информатика мұғалімдерін даярлау
B12	Химия мұғалімдерін даярлау
B13	Биология мұғалімдерін даярлау
B14	География мұғалімдерін даярлау
B15	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау
B16	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B17	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B18	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
B19	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
B20	Арнайы педагогика мамандарын даярлау

4.5.2 Шығармашылық емтихандар өткізілетін Университеттің білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі:

B04	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау
B05	Дене шынықтыру мәдениеті мұғалімдерін даярлау
B06	Музыка мұғалімдерін даярлау



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 5 беті

B08	Көркем еңбек және сызу пәнінің мұғалімдерін даярлау
B042	Журналистика және репортер ісі
B033	Дін және теология

4.6 "Педагогикалық ғылымдар" және шығармашылық ББ-ға оқуға түсуші тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:


- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰБТ сертификаты (бар болса);
- 5) "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағында белгіленген спорттық разрядтардың және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса).

4.7 «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны осы Ереженің 4.7.2 тармақшасына сәйкес белгіленеді.

4.7.1 "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламаларында арнайы емтиханды өткізу нысаны-педагогикалық жағдаятты шешу.

4.7.2 Шығармашылық ББ-ға шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны:

Код	Білім беру бағдарламалар тобы	1 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
B04	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	Спорт түрлері бойынша нормативтер	Спорт ойындары
B05	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандану бойынша нормативтер	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер
B06	Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындау шеберлігі	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету
B08	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Сурет (гипстен жасалған адамның бет маскасының суреті)	Кескіндеме (натюрморт)
B042	Журналистика және репортер ісі	Шығарма	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін сұхбаттасу
B033	Дін және теология	Кәсіпке жарамдылығын	Дін негіздері бойынша



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 6 беті

		анықтау үшін сұхбаттасу	ауызша емтихан
--	--	-------------------------	----------------

4.8 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламаларын кафедралар әзірлейді және Университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Арнаулы және шығармашылық емтихандардың бағдарламалары келесідей құрылымдық элементтерді қамтиды:

Нормативтік база

1. 2018 жылдың 31 қазанының Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын (ББ) іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары»
2. "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі №28-VЗРК Заңы

Түсіндірме жазба (мағынасы, мақсаты мен міндеттері, білімі, біліктілігі, құзыреттілігі);

Шығармашылық/арнаулы емтихан өткізу тәртібі:

Арнайы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының ерекшелігін ескере отырып құрастырылған мазмұны;

Талапкерлердің арнайы дайындығына қойылатын негізгі талаптар (нормативтер, өлшемдер, іскерліктер мен дағдылар және т. б.);

Талапкерлердің шығармашылық дайындық нәтижелерін бағалау критерийлері

Бағдарлама дәстүрлі түрде және бейнеконференциялар (Zoom және т. б.) өткізу үшін сервистерді қолдана отырып, шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібін, Google Forms сервисін пайдалана отырып бағалау рәсімін қарастырады.

4.9 "Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау" білім беру саласы бойынша шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін жоғары білім беру ұйымдарының, ЖАО ұсынысымен мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті органның өкілдері кіретін комиссия құрылады.

«Журналистика және репортер ісі» білім беру саласы бойынша шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құрамына бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері енгізіледі.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша арнаулы емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құрылады, оған педагогикалық білім беру және менеджмент, психология және коррекциялік педагогика кафедраларының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 7 беті

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссия төрағасы сайланады.

Егер отырысқа комиссияның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, комиссияның шешімі заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.10 Жоғары білімі бар тұлғаларды қоспағанда Университетте оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштері күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 7 шілде аралығында жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 8 мен 13 шілде аралығында өткізіледі.

4.11 Шығармашылық дайындықты талап ететін ББ-ға түсу үшін жоғары білімі бар оқуға түсушілердің өтініштерін қабылдауды қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

4.12 Шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталған уақытқа дейін оқуға түсушілердің назарына ұсынылады.

4.13 Төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шараларды белгілеу немесе күшейту жағдайында стримингтік платформаларды қолдана отырып, апелляциялық комиссияның отырысын өткізуге жол беріледі.

Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында университет ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

4.14 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

4.15 Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 8 беті

4.15 Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

4.16 Университет ЖЖОКБҰ-ға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 2-тарауының 32-тармағына сәйкес университет арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды аяқтаған күні білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысандағы арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

4.17 Алғашқы медициналық көмек көрсету мақсатында (қажет болған жағдайда) шығармашылық емтихандарды өткізу Университеттің денсаулық пунктінің медицина қызметкерлерінің қатысуымен өткізіледі.

5 Арнаулы емтиханды өткізу тәртібі

5.1 "Педагогикалық ғылымдар" саласы бойынша ББ түсу үшін түсушілердің өтініштерін қабылдау және арнаулы емтихан өткізу, жоғары білімі бар тұлғаларды қоспағанда, 20 маусым мен 24 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

5.2 Педагогикалық ББ-ға түсуші тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен кестеге сәйкес қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

5.3 "Педагогикалық ғылымдар" саласы бойынша білім беру бағдарламаларына түсетін тұлғалар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқыту тілі), екі бейіндік пән бойынша баллдар есепке алынады.

5.4 Оқу мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсетін техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша баллдар ескеріледі.

5.5 Жоғары білімі бар, жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар үшін сұхбаттасу нәтижелері ескеріледі.

5.6 Педагогикалық білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін арнаулы емтихан "жіберілді" немесе "жіберілмеді" нысанында бағаланады.




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 9 беті

5.7 Арнаулы емтихан бейне және (немесе) аудиожазбаны қолданумен өткізіледі.

5.8 Оқуға түсушіні арнаулы емтиханға жіберу жеке басын куәландыратын құжатты көрсету шартымен жүзеге асырылады.

5.9 Арнаулы емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және мұқаба парақтарды рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

5.10 Арнаулы емтихан өткізуге 50 минут бөлінеді.

5.11 Арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсаттама ведомосімен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

5.12 Арнаулы емтихан нәтижелерін қабылдау комиссиясы емтихан өткізілетін күні жариялайды.

5.13 "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша арнаулы емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге қабылдау орны бойынша жоғары білім беру ұйымына ұсыну үшін ведомостан үзінді беріледі.

5.14 Төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шараларды белгілеу немесе күшейту жағдайында бейнежазбаны тұрақты жүргізе отырып, онлайн және (немесе) офлайн форматтарда арнаулы емтихан өткізуге жол беріледі.

Арнаулы емтиханды дәстүрлі түрде өткізу санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтауды, емтихандарды бір күнде тапсыратындардың санын шектеуді талап етеді.

6 Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

6.1 Шығармашылық дайындығын талап ететін ББ түсетін тұлғалар, қабылдау комиссиясымен өткізілетін, шығармашылық емтихандарды тапсырады.

6.2 Шығармашылық бағдарламаларына түсетін жалпы орта (орта жалпы) білім беру ұйымдарының бітірушілері немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша баллдар ескеріледі.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың бітірушілері үшін оқу мерзімі қысқартылған ұқсас білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық ББ-ға түсетін арнаулы пән және шығармашылық емтихан бойынша баллдар ескеріледі.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 10 беті

6.3 Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 34 мекенжайы бойынша немесе Университет сайты арқылы онлайн тәртіпте (виртуалды қабылдау комиссиясы) 20 маусым мен 7 шілде аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан жоғары білімі бар тұлғалардан басқалар үшін 8-13 шілде аралығында өткізіледі.

6.4 Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білім берудің білім беру бағдарламалары тобына түсетін жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі туралы құжаттары бар тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

6.5 Жоғары білім берудің қысқартылған мерзімін көздейтін кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсетін тұлғалар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

6.6 Жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі құжаттары бар толық оқу түріне түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

"Халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері" және "Қазақстан Республикасының спорт шеберіне кандидат" нормативтерін орындаған оқуға түсушілер тиісті куәлігін көрсеткен жағдайда әрбір шығармашылық емтихан үшін ең жоғары балл - 45 санын алады.

6.7 Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбаны қолдану арқылы өткізіледі.

6.8 Оқуға түсуші шығармашылық емтихандарға жекебасын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

Төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шараларды белгілеу немесе күшейту жағдайында белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық шараларға сәйкес рәсім көзделеді.

6.9 Шығармашылық емтихан басталғанға дейін түсушілерге емтихан өткізу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнайы емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

Стримингтік платформаларды қолдана отырып, шығармашылық емтихандарды өткізу жағдайында емтихан материалдарын компьютер экранынан көрсету көзделеді. Оқуға түсушілердің емтихан материалдарының нәтижелері экраннан скрин-шотқа жатады, содан кейін материалдарды қабылдау комиссиясына ұсынады.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 11 беті

6.10 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалар ведомосімен, комиссия хаттамасымен еркін нысанда рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына комиссияның төрағасы және қатысып отырған барлық мүшелері қол қояды.

6.11 Шығармашылық емтиханның нәтижелерін қабылдау комиссиясы емтихан өтетін күні жариялайды.

6.12 Шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша оқуға түсушіге шығармашылық емтихан тапсыру орнына қарамастан ақылы негізде жоғары білім беру ұйымдарына түсу үшін ведомостан үзінді көшірме беріледі

7 Университет білім беру бағдарламаларына қабылдау

7.1 Шығармашылық емтихандары тағайындалған білім беру бағдарламаларына қабылдау шығармашылық емтихандардың балдарын ескеруімен өткізіледі.

7.2 Педагогикалық білім беру бағдарламаларына қабылдау арнаулы емтиханның нәтижесін ескерумен өткізіледі.

7.3 Басқа оқу орнына ұсыну үшін арнаулы емтихан нәтижесі бойынша талапкерге ведомость негізінде анықтама беріледі.

7.4 Басқа оқу орнына ақылы түрде түсуге ұсыну үшін шығармашылық емтихан нәтижесі бойынша тапсырған оқу орнына тәуелді болмастан талапкерге ведомость негізінде анықтама беріледі.

7.5 «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ базасында шығармашылық емтихан тапсырған мемлекеттік білім беру гранты тағайындалған куәліктер иегерлері басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

7.6 Университетке шығармашылық емтихандарды тапсыруды талап ететін "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша ақылы оқуға ҰБТ-дан өткен, тестілеу және шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша кемінде 75 балл, басқа ББ – ға кемінде 50 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша кемінде 5 балл және әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған орта білім беру ұйымдарының түлектері қабылданады.

7.7 Университетке шығармашылық емтихандар тапсыруды талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша ақылы оқуға шығармашылық және арнайы емтихандардың нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл және арнайы емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған техникалық және кәсіптік, орта білімнен




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 12 беті

кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың түлектері қабылданады.

7.8 Университетке "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы және шығармашылық білім беру бағдарламалары бойынша ақылы оқуға сұхбаттасудан өткен, Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының түлектері қабылданады.

8 Өзгерістер

8.1 Ережеге өзгерістер мен қосымшалар СБӨ рұқсатымен енгізіледі және оның қолы қойылып, өзгеріс туралы хабарлама түрінде құжатталады. Өзгеріс туралы хабарлау парағы белгіленген үлгіге сәйкес хатталады және осы ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен қосымшалар ҚР ШҚУ 001-13 талаптарына сәйкес енгізіледі. Сақтауға берілген ережеге өзгерістер енгізу туралы хабарламаны әзірлеуші бөлімше шығарады. Ережеге өзгерістерді ҚБЖ өзгерістерді және қосымшаларды тіркеу парағына белгілей отырып, енгізеді;

8.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен қосымшаларды енгізу үшін СММЖББ және ҚБЖ жауапты.

8.3 Ережеге өзгерістер мен қосымшаларды енгізу үшін мыналар негіз бола алады:

- заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен қосымшалар;
- бақсарма төрағасының - ректордың бұйрықтары;
- СБӨ рұқсатымен енгізілген өзгерістердің себебі көрсетілген ҚБЖ қызметтік жазбасы.

8.4 Ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгертілген кезде Ереже ауыстырылуы керек.

8.5 Ескірген ережелерді ауыстыру және күшін жою үшін жауапкершілік ҚББ және СХЫЖАБ жүктеледі.

Ауыстырылған жағдайда Ереженің күшін жоғалтқан Университеттегі барлық даналар алынып, жаңасымен ауыстырылуы тиіс.

8.6 Мерзімі ескірген ережеде «Жойылды» деген белгі, жою негіздемесі, күні және «Жойылды» деген белгіні қойған тұлғаның қолы қойылып, мұрағатқа жіберіледі. Мұрағаттық құжаттар жұмысқа қолданылмайды.

9 Келісу, сақтау және тарату

9.1 Ережені Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келісуді ҚБЖ жүзеге асырады.




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 13 беті

9.2 Ережені ҚБЖ әзірлейді.

Ереже келісіледі:

- СБӨ;

- басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі жөніндегі проректор

м.а.

- СММжББ жетекшісі;

- құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісі;

- заңгер-кеңесші.

9.3 Ережені директорлардың Кеңесі бекітеді және жойылғанға дейін әрекет етеді.

9.4 Ереженің түпнұсқасы корпоративтік хатшыда сақталады және оның сақталуы үшін корпоративтік хатшы жауапты болады.

9.5 Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын корпоративтік хатшы таратады.

9.6 Ереженің есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін ҚБЖ жауапты.




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 14 беті

ӘЗІРЛЕГЕН:

Кеңесші-қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы



Л.Т. Байжуманова

КЕЛІСІЛДІ:

Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйе жөніндегі басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Басқарама мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор м.а.



Д. Ерболатұлы

Стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі жетекшісінің м. а.



Д.Р.Сапарова

Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісі



А.К. Чудобаева

Заңгер-кеңесші



Д.М. Раева




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 15 беті

Қосымша 1

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті "КЕАҚ арнайы және шығармашылық емтихандарын өткізу ережелеріне 2021 ж.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламалары топтарының атауы
<i>Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы</i>
Педагогика және психология
Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
Математика мұғалімдерін даярлау
Физика мұғалімдерін даярлау
Информатика мұғалімдерін даярлау
Химия мұғалімдерін даярлау
Биология мұғалімдерін даярлау
География мұғалімдерін даярлау
Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
Шет тілі мұғалімдерін даярлау
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
Арнайы педагогика мамандарын даярлау
<i>Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы</i>
Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау
Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
Музыка мұғалімдерін даярлау
Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
Дін және теология
Журналистика және репортер ісі

Қосымша 2

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті "КЕАҚ арнайы және шығармашылық емтихандарын өткізу ережелеріне 2021 ж.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу түрі

Код	Білім беру бағдарламасының атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу түрі
1	2	3
Арнаулы емтихан тапсыруды талап ететін білім беру бағдарламалары		
B01	Педагогика және психология	Педагогикалық жағдаятты шешу



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 16 беті

B02	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық жағдаятты шешу
B03	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық жағдаятты шешу
B09	Математика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B10	Физика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B11	Информатика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B12	Химия мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B13	Биология мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B14	География мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B15	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B16	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B17	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B18	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B19	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B20	Арнайы педагогика мамандарын даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу

Қосымша 3
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
университеті "КЕАҚ арнайы және шығармашылық
емтихандарын өткізу ережелеріне 2021 ж.

Шығармашылық емтиханды қорытындылау ВЕДОМОСІ

011 – «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ
Мамандық – 6В _____ «_____»

№	ТЖК	Талапкердің ТАӘ	ЖСН	Баллдар саны		
				1- Емтихан	2 - Емтихан	Барлығы
1						
2						

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 17 беті

...						
-----	--	--	--	--	--	--

Комиссия төрағасы _____ ТАӨ

Комиссия мүшелері: _____ ТАӨ
 _____ ТАӨ

Арнаулы емтиханды қорытындылау
 ВЕДОМОСІ

011 – «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ
 Мамандық – 6В _____ « _____ »

№	ТЖК	Талапкердің ТАӨ	ЖСН	Бағалау ("өтті" немесе "өтпеді")
1				
2				
...				

Комиссия төрағасы _____ ТАӨ

Комиссия мүшелері: _____ ТАӨ
 _____ ТАӨ

Қосымша 4
 Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
 университеті "КЕАҚ арнайы және шығармашылық
 емтихандарын өткізу ережелеріне 2021 ж.

Арнаулы және шығармашылық емтихан қорытынды хаттамасының үлгісі

1 шығармашылық емтихан ХАТТАМАСЫ

011 – «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ
 Мамандық – 6В _____ « _____ »

Білім деңгейі: _____

Оқу түрі: _____

Емтихан тапсыру тілі: _____

Комиссия мүшелері: _____

Емтихан өткізу күні: _____

№	Талапкердің ТАӨ	Жетістіктері бойынша қысқаша сипаттама	Баға	Емтихан қабылдаушының қолы
---	--------------------	---	------	----------------------------------



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 18 беті

1				
2				
...				

ШЕШІМІ:

Комиссия төрағасы
Комиссия мүшелері:

ТАӨ
ТАӨ
ТАӨ

Арнаулы емтиханның ХАТТАМАСЫ

011 – «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ

Мамандық – 6В _____ «_____»

Білім деңгейі: _____

Оқу түрі: _____

Емтихан тапсыру тілі: _____

Комиссия мүшелері: _____

...

Емтихан өткізу күні: _____

№	Талапкердің ТАӨ	Жетістіктері бойынша қысқаша сипаттама	Бағалау ("өтті" немесе "өтпеді")	Емтихан қабылдаушының қолы
1				
2				

ШЕШІМІ:

Комиссия төрағасы
Комиссия мүшелері:

ТАӨ
ТАӨ
ТАӨ

Қосымша 5

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
университеті "КЕАҚ арнайы және шығармашылық
емтихандарын өткізу ережелеріне 2021 ж.

011 – «С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ

Шығармашылық емтихан нәтижелерінің ведомосінен КӨШІРМЕ

Талапкердің ТАӨ: _____

БББ: _____

Оқу нысаны: _____

Емтихан тапсыру тілі: _____

Шығармашылық емтихан 1__ балл Шығармашылық емтихан 2__ балл

ҚҚ жауапты хатшысы _____ ТАӨ



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2022 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Ережесі.	ШҚУ Е 010-21	21 беттің 19 беті


011 – «С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ

Арнаулы емтихан нәтижесінің емтихандық
ВЕДОМОСІ


Өткізу күні _____
Талапкердің ТАӘ: _____
Оқу нысаны: _____
Педагогикалық жағдаятты шешудің қорытындысы: _____
Қорытынды нәтиже _____
(жіберілді/жіберілмеді)


ҚК жауапты хатшысы _____




[illegible]

04

[illegible]



МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРІСТЕР ЕСЕБІНІҢ ПАРАҒЫ

[illegible]

Q